



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесінің 2019 жылғы
7 наурыздағы шешімімен бекітілген,
№3/2019 хаттама

**2018 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ
ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША
«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ СТРАТЕГИЯ
ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ
ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Мазмұны

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ	3
Комитеттің құрамы	3
Комитет мүшелері	3
Комитет мүшелерінің тәуелсіздігі	3
Комитеттің ролі	4
КОМИТЕТТІҢ 2018 ЖЫЛДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІ.....	4
ҚОРЫТЫНДЫ.....	8

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Сіздің назарыңызға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және инновациялар жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – **ҚМГ мен Комитет**, тиісінше) қызметі туралы жыл сайынғы есебін ұсынамыз. Комитеттің атауы ҚМГ Директорлар кеңесінің Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитеті (бұдан әрі - **СҚБК**) болып өзгерді (далее – **СҚБК**).

Комитет ҚМГ ДК консультативтік-кеңес органы болып табылады және оның барлық шешімдері ҚМГ ДК отырысында тыңдалатын ұсынымдар болып табылады.

Комитеттің құрамы

Комитет Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар ДК мүшелерінен және сарапшыларынан құрылады. Комитет, кем дегенде, үш мүшеден тұрады, олардың көбісі тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Комитеттің құрамын ҚМГ ДК сайлайды, бұл ретте, тәуелсіз директор Комитет төрағасы болып сайланады. ҚМГ ДК құрамындағы өзгерістерге байланысты, 2018 жыл ішінде Комитеттің құрамы бірнеше рет қаралды. Комитет құрамындағы өзгерістердің серпіні төмендегі «Комитет мүшелерінің 2018 жылда өткізілген отырыстарға қатысуы» атты кестеде анағұрлым егжей-тегжейлі көрсетілген.

Комитет мүшелері

Уайт Стивен Джеймс – Комитет төрағасы

Уолтон Кристофер Джон – Комитет мүшесі, ҚМГ ДК төрағасы — тәуелсіз директор;

Карабалин Узакбай Сулейменович – Комитет мүшесі, ҚМГ ДК мүшесі — «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;

Грюал Балжит Каур – Комитет мүшесі, ҚМГ ДК мүшесі — «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;

Дайер Филип Джон - Комитет мүшесі, ҚМГ ДК мүшесі — тәуелсіз директор.

Комитет мүшелерінің тәуелсіздігі

Комитет төрағасы Уайт Стивен Джеймс, сондай-ақ Комитет мүшелері Уолтон Кристофер Джон мен Дайер Филип Джон ҚМГ ДК тәуелсіз директорлары болып табылады.

Комитет хатшысының функцияларын ҚМГ корпоративтік хатшысы жүзеге асырады.

Комитеттің ролі

Комитет:

- ҚМГ даму стратегиясы мен инвестициялық саясатының, оның ішінде ҚМГ қызметінің басым бағыттарының;
- ҚМГ-нің инвестициялық тартымдылығын арттыру, оның ішінде ҚМГ-дегі корпоративтік басқаруды жетілдіру арқылы арттыру;
- ҚМГ-нің қаржы-шаруашылық қызметін лайықты түрде жоспарлауды қамтамасыз ету;
- ҚМГ-де инновациялардың енгізілуін қамтамасыз ету;
- орнықты даму қағидаттарын ҚМГ-нің стратегиялық жоспарлау мен әлеуметтік-экономикалық дамуына енгізу мәселелерін әзірлейді және олар бойынша ұсынымдарды ҚМГ ДК-ге береді.

СҚБК төмендегі мәселелер бойынша ұсынымдарды әзірлеу және беру арқылы ҚМГ ДК-ге жәрдем көрсету мақсатында іс-қимыл жасайды:

- ҚМГ даму стратегиясы мен инвестициялық саясаты, оның ішінде ҚМГ қызметінің басым бағыттары;
- ҚМГ-нің инвестициялық тартымдылығын арттыру, оның ішінде ҚМГ-дегі корпоративтік басқаруды жетілдіру арқылы арттыру;
- ҚМГ-нің қаржы-шаруашылық қызметін лайықты түрде жоспарлауды қамтамасыз ету;
- ҚМГ трансформациясының мониторингі.

КОМИТЕТТІҢ 2018 ЖЫЛДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІ

Отырыстар

Комитет жылына кем дегенде төрт рет іштей отырыс өткізеді.

2018 жылда ҚМГ ДК ұсынымдар әзірлеген шамамен 100 мәселе қаралған 6 отырыс өткізілді.

Комитеттің отырыстарында қаралған мәселелерді шартты түрде келесі блоктарға бөлуге болады:

- ҚМГ қызметінің негізгі басым бағыттары;
- корпоративтік басқару;
- жекешелендіру;
- жер қойнауын пайдалану.

«ҚМГ қызметінің негізгі басым бағыттары» блогында, өзгелерден басқа, ҚМГ Трансформация бағдарламасының шеңберінде жобаларды іске асыруға байланысты мәселелер, Солтүстік Каспий жобасы мен «Қарашығанақ» жобасын дамыту перспективалары ай сайынғы негізде қаралды. Бір жыл ішінде Комитетте мұнай бағаларына, ұңғымалардың жұмыс істеп тұрған қоры мен ұңғымаларда жұмыс істеудің оңтайлы режимдеріне қол жеткізуге әсер ететін факторларды дамыту үрдістері туралы мәселелер талқыланды.

«Корпоративтік басқару» блогы бойынша Комитет бірқатар ірі және маңызды мәселелерді қарады және қарау нәтижелері бойынша ҚМГ-нің 2028 жылға дейін даму стратегиясын (газ стратегиясын қоса алғанда және upstream блогы бойынша), ҚМГ-нің 2019-2023 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын бекіту, 2017 жылғы ҚМГ жылдық есебін және ҚМГ-нің орнықты даму туралы есебін бекіту мәселелері бойынша ҚМГ ДК ұсынымдары берілді. Комитетте 2017 жылы ҚМГ-де жүргізілген тәуелсіз диагностика нәтижелері, сондай-ақ корпоративтік басқару рейтингісі мен ҚМГ-ні корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспары болды. Комитет ҚМГ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге байланысты мәселелерді қарау қорытындылары бойынша ҚМГ ДК-ге оң ұсынымдар берді. Есепті кезеңде Комитет ҚМГ Басқармасы туралы ереже, 2018-2019 жылдарға арналған операциялық жоспарлау регламенті секілді ҚМГ ішкі құжаттарын қарады. Сонымен бірге, Комитеттің отырыстарында тоқсан сайынғы негізде ҚМГ тобының инвестициялық жобаларын іске асыру және де «КПК-де (KGDBN) газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау» атты инвестициялық жобаны келісу мәртебесі туралы ақпарат тыңдалды.

«Жекешелендіру» блогында есепті кезеңдегі Комитеттің отырыстарында тойтарыс берілетін IPO-ға шығу ескеріліп, ҚМГ компанияларының тобы бойынша Жекешелендіру бағдарламасының мәртебесі туралы есептілік тұрақты негізде тыңдалды. Сондай-ақ KMG International N.V. бойынша есептер жеке тыңдалды.

«Жер қойнауын пайдалану» блогында 2018 жылы Комитет, өзгелерден басқа, «Oil Construction Company» ЖШС жер қойнауын пайдалану құқығының 100%-тік үлесін иеліктен шығаруды келісу туралы, Бейнеу учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығын алу туралы, Сәтбаев учаскесіндегі көмірсутегі шикізат барлау мен өндіруге арналған келісімшарт бойынша келісімшарттық аумақты мемлекетке қайтару туралы мәселелерді қарады.

Комитет қызметінің шеңберінде келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Директорлар кеңесінің ӨБТ ҒЗИ басшысын тағайындауын бекіту туралы талап (басқару).
2. Халықаралық корпоративтік басқару, этика және комплаенс ауқымында бағалау саласындағы сарапшыларды тарту, сондай-ақ кейбір директорлармен және IPO-ға дайындау департаментімен кездесулер өткізу.
3. Компаниялардың барлық тобы бойынша бүкіл мердігерлер үшін түпкілікті бенефициарлық меншік иелерін көрсету, сондай-ақ ҚМГ қызметкерлерімен мүдделер қақтығысын болмауын растау талабын қосу.
4. Ескі кен орындары жөніндегі стратегиядағы кемшіліктер мен жақсарту үшін мүмкіндіктер туралы хаттың жобасы әзірленді.
5. IPO үшін инвестициялық тарихтың алдын ала жобасы.
6. ҚМГ басшы қызметкерлерінің озық практиканы, оның ішінде ұйымдық құрылымда PWC ұсынымдарын қолдануы, сондай-ақ БӨ-де техникалық матрицалық ұйымдық құрылымды енгізу.
7. Корпоративтік ҚНҚ-де игеріліп жатқан кен орындары бойынша салмақты өзгерту.
8. Газ жөніндегі стратегия бойынша талап. Жұмыста.
9. Құн тізбегі/трансферттік баға белгілеу – жақында IPO жөніндегі жұмыс тобы жұмысты бастады.
10. Геологиялық-барлау және игеру мүмкіндіктерін саралау туралы талап (оның ішінде, қазіргі ескі кен орындары).
- 11 Әріптестермен жұмыс істеу (және оны жетілдіру) үшін және геологиялық-барлау бойынша кәри-қаржыландыру жобаларынан шығу үшін жауапты геологиялық-барлау саласындағы басшы қызметкерді тағайындау.

Комитеттің жұмысына қатысу үшін Комитеттің отырыстарына дауыс беру құқығы берілмеген ҚМГ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері шақырылды.

Комитет мүшелерінің 2018 жылда өткізілген отырыстарға қатысуы

Комитет отырысының нөмірі мен күні	1/2018 24.01	2/2018 28.03	3/2018 30.05	4/2018 25.07	5/2018 2.10	6/2018 27.11	Қатысу %
Отырысты өткізу уақыты	10:00 – 13:30	10:00 - 14:00	10:00 – 14:07	13:00 -16:00	09:00 -13:45	10:00 -15:00	
Уайт С.Д.	+	+	+	+	+	+	100%
Уолтон К.Д.	+	+	+	+	+	+	100%
Қарабалин Ұ.С.	+	+	+	+	+	+	100%
Грюал Б.К.	-	+	-	+	+	+	67%
Баймұратов Е.О.	+	+	+	+	<i>Комитеттің құрамында жоқ</i>		100%
Илькявичюс А.О.	-	-	-	<i>Комитеттің құрамында жоқ</i>			0%
Дайер Ф.Д.	<i>Комитеттің құрамында жоқ</i>			-	+	+	67%

ҚОРЫТЫНДЫ

2018 жыл ішінде Комитет өз жұмысында ҚМГ Жарғысын, ҚМГ корпоративтік басқару кодексі мен ішкі ережелерді басшылыққа алды; ҚМГ Директорлар кеңесінің жұмысына барынша жәрдем көрсетті және оның алдында қойылған мақсаттар мен міндеттерді толық шамада орындады.

Комитеттің төрағасы

Уайт С.Д.